

Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын оңтайлы орналастырудың 2015 жылға дейінгі схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 304 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын оңтайлы орналастырудың 2015 жылға дейінгі схемасы (бұдан әрі - Орналастыру схемасы) б е к і т і л с і н .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Орналастыру схемасын іске асыру жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 4

с ә у і р д е г і

№

3 0 4

қ а у л ы с ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын 2015 жылға дейін оңтайлы орналастыру схемасы

Астана, 2010 жыл

Мазмұны

К і р і с п е

1. Қайтадан енгізілетін өндірістік қуаттарды ресурстық және инфрақұрылымдық қ а м т а м а с ы з е т у

1.1. М ұ н а й - г а з с е к т о р ы

1.2. М ұ н а й х и м и я с ы

1.3. Т а у - к е н м е т а л л у р г и я с а л а с ы

1.4. Х и м и я ө н е р к ә с і б і

1.5. М а ш и н а ж а с а у

1.6. Ф а р м а ц е в т и к а ө н е р к ә с і б і

- 1.7. Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру
- 1.8. Агроөнеркәсіптік кешен
- 1.9. Жеңіл өнеркәсіп
- 1.10. Туристік сала
- 1.11. Ғарыш қызметі
- 1.12. Энергетика
- 1.13. Көлік инфрақұрылымы
2. Қазақстан Республикасының ресурстық базасын дамыту
 - 2.1. Минералдық шикізат ресурстары
 - 2.2. Табиғи ресурстар
 - 2.3. Еңбек ресурстары
3. Инфрақұрылым
 - 3.1. Энергетика инфрақұрылымы
 - 3.2. Көлік инфрақұрылымы
4. Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму шарттары
 - 4.1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі параметрлерін болжау
 - 4.2. Тариф саясаты

Кіріспе

Қазақстан Республикасының өндірістік қуаттарын 2015 жылға дейін оңтайлы орналастыру схемасы (бұдан әрі - Схема) Мемлекет басшысының 2009 жылғы 15 мамырдағы «Нұр Отан» ұлттық-демократиялық партиясының кезектен тыс 12 съезінде берген тапсырысын, Мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауын орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін әзірленді.

Схема Индустрияландыру картасы жобаларын ескере отырып елдің инфрақұрылымдық және ресурстық базасы дамуының перспективалы жоспарларының үйлестірілу нәтижелерін көрсетеді.

Құрылымдық жақтан Схема мынадай төрт бөлімнен тұрады:

Бірінші бөлім - қайтадан енгізілетін өндірістік қуаттарды ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету - Индустрияландыру картасының жобаларын елдің инфрақұрылымдық және ресурстық базасына байланыстыра отырып, ведомствоаралық келісу нәтижесі.

Екінші бөлім - ресурстық базаны дамыту - ресурстық базаның өндірістік қуаттардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету жөніндегі мүмкіндігі ашылады. Осы бөлімде отын-энергетика, рудалық, рудалық емес, минералдық ресурстардың,

сондай-ақ Индустрияландыру картасы жобаларының қажеттіліктерін ескере отырып, су және жер ресурстарының болжамдық теңгерімдерінің индикативті көрсеткіштері ұсынылған.

Үшінші бөлім - инфрақұрылымды дамыту - Индустрияландыру картасы жобаларының қажеттіліктерін ескере отырып, құбыржол, автомобиль, темір жол, ауа және су көлігін қоса алғанда, электр энергетикасы және көлік инфрақұрылымының перспективаларын ашып көрсетеді.

Төртінші бөлім - Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының шарттары. Осы бөлімде Индустрияландыру картасының жобаларын ескере отырып, жалпы өңірлік өнім болжамын, өнеркәсіп өнімінің көлемін, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемін, негізгі капиталға инвестицияларды, сыртқы сауда айналымын, жұмыссыздық деңгейін қоса алғанда, өңірлер жөніндегі 2015 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі параметрлерінің болжамы ұсынылған. Сондай-ақ осы бөлімде тариф саясатының перспективалары ашылған.

Схеманың параметрлері бизнестің инвестициялық шешімдерін жоспарлау және Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда салалық бағдарламаларды қалыптастыру үшін бағдар, аумақтарды дамытудың бес жылдық бағдарламаларын және Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі болжамдық схемасын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

1. Қайтадан енгізілетін өндірістік қуаттарды ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету

1.1. Мұнай-газ секторы

Ескерту. 1.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.15 № 258 Қаулысымен.

Мұнай-газ саласының негізгі кәсіпорындары осы сектордың минералдық шикізат базасының орналасу аудандары болып табылатын батыс облыстарда және Қызылорда облысында орналасқан.

Қарастырылатын кезеңде республикадағы мұнай мен газ конденсатын өндіру Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы (Қашаған және басқалары) өндірудің басталуы есебінен артады.

Осымен қатар, республикалық және өңірлік Индустрияландыру картасына енгізілген мынадай жобалар іске асырылатын болады.

Жобалар

№	Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Іске асыру мерзімі, жылдар*	Өңір

1	2	3	4	5
Республикалық жобалар				
1.	Үшінші Жаңажол газ өңдеу зауыты	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ,	2006-2012 жылдар	Ақтөбе облысы
2.	«Бейнеу - Шымкент» газ құбырын салу	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2010-2019 жылдар	Өңіраралық жоба
Өңірлік жобалар**				
3.	Лактыбай және Қаратөбе кен орындарында жанама газды кәдеге жарату жөніндегі жүйені құру	«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	2008-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
4.	Газды кәдеге жарату жөніндегі кешен	«ҚазақОйлАқтөбе» ЖШС	2009-2011 жылдар	Ақтөбе облысы
5.	Жаңажол кен орнында тазартылмаған газды жер қойнауына қайта жіберу станциясы	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
6.	ЖГӨЗ-3-те Солтүстік Трува кен орыннан газды сепарациядан өткізу және айдау жөніндегі сорғы станциясы	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
7.	Мұнай базасын қайта жаңарту	«Sinooil» ЖШС АФ	2008-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
8.	Чинаревское кен орнында газ дайындау қондырғысын салу	«Жайықмұнай» ЖШС	2007-2010 жылдар	Батыс Қазақстан облысы
9.	«Қарашығанақ-Орал» газ құбырын салу (II кезең)	КПО	2008-2010 жылдар	Батыс Қазақстан облысы
10.	Газды кәдеге жарату кешенінің II кезегін салу	«Қазгермұнай» АҚ	2010 жыл	Қызылорда облысы
11.	Газ қоспаларының өндірісі	«Азия Хайер» ЖШС	2009-2010 жылдар	Қарағанды облысы
12.	Кеңлік кен орнының ілеспе мұнай газын кәдеге жарату жөніндегі өндірісті ұйымдастыру	«Саутс Ойл» ЖШС	2008 – 2010 жылдар	Қызылорда облысы
13.	«Достық» экспорттық темір жол мұнай базасын қайта жаңарту, мұнай өңдеу қондырғысын салу	«Dostyk Refinery» ЖШС	2009 – 2010 жылдар	Алматы облысы

Жобалардың көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі:

Мұнай-газ секторының өнімді өткізу нарығына тасымалдауға жалпы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мынадай жобалар іске асырылатын болады:

Қазақстандық Каспий Тасымалдау Жүйесін (бұдан әрі - КҚТЖ) құру Қашаған және Теңіз кен орындарынан Каспий теңізі мен Баку - Тбилиси - Джейхан жүйесі және басқа да мұнай тасымалдау жүйелері арқылы халықаралық нарықтарға мұнайды экспорттауға арналған ;

Каспий Құбыр Консорциумы (бұдан әрі - КҚК) мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 67 мың тоннаға дейін арттыру ;

Қазақстан - Қытай мұнай құбырының жұмыс істеп тұрған қуаттарының өткізу қабілетін жылына 20 млн. тоннаға дейін арттыру ;

елдің оңтүстік өңірлеріне газ тасымалдау үшін «Бейнеу - Бозой - Ақбұлақ» газ құбырын салу ;

Батыс Қазақстан облысының тұтынушыларына газ тасымалдауға арналған «

Қарашығанақ - Орал» газ құбырын салу;

Республикалық және өңірлік Индустрияландыру картасына енгізілген жобалар жөніндегі автожол және темір жол инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу мынадай түрде жүзеге асырылады:

Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Іске асыру мерзімі, жылдар*	Автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі
1	2	3	4
Республикалық жобалар			
Үшінші Жаңажол газ өңдеу зауыты	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2006-2012 жылдар	1) Ақтөбе - Темір - Жаңажол автожолы 2) Жем - Жаңажол (Жаңажол станциясы) темір жолы
«Бейнеу-Шымкент» газ құбырын салу	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2010-2019 жылдар	А-33 Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай - Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау порты автожолы, Бейнеу — Ақжігіт — Өзбекстан Республикасының шекарасы (Нөкіске) автожолы, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы
Өңірлік жобалар**			
Лақтыбай және Қаратөбе кен орындарында жанама газды кәдеге жарату жөніндегі жүйені құру	«Қазақтүрік мұнай» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) А-27 Ақтөбе - Атырау - РФ шекарасы (Астраханьға) автожолы 2) Ақтөбе - Мақат - Атырау (Байғанин станциясы) темір жолы
Газды кәдеге жарату жөніндегі кешен	«ҚазақОйл Ақтөбе» ЖШС	2009-2011 жылдар	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) — Шымкент автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ақтөбе (Ақтөбе станциясы) темір жолы
Жаңажол кен орнында тазартылмаған газды жер қойнауына қайта жіберу станциясы	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010-2010 жылдар	1) Ақтөбе - Темір — Жаңажол автожолы 2) Жем - Жаңажол (Жаңажол станциясы) темір жолы
ЖГӨЗ-3-те Солтүстік Трува кен орыннан газды сепарациядан өткізу және алу жөніндегі сорғы станциясы	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010-2010 жылдар	1) Ақтөбе - Темір - Жаңажол автожолы 2) Жем — Жаңажол (Жаңажол станциясы) темір жолы
Мұнай базасын қайта жаңарту	«Sinooil» ЖШС АФ	2008-2010 жылдар	1) Ақтөбе - Темір - Жаңажол автожолы 2) Жем - Жаңажол (Жаңажол станциясы) темір жолы
Кеңлік кен орнының ілеспе мұнай газын кәдеге жарату жөніндегі өндірісті ұйымдастыру	«Саутс Ойл» ЖШС	2008 – 2010 жылдар	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) — Шымкент автожолы және Арал – Қызылорда – Жосалы автожолы 2) Алматы – Шымкент – Ақтөбе (Қызылорда станциясы) темір жолы

«Достық» экспорттық темір жол мұнай базасын қайта жаңарту, мұнай өңдеу кондырғысын салу	«Dostyk Refinery» ЖШС	2009 – 2010 жылдар	1) А-7 Үшарал – Достық – ҚХР шекарасы 2) Ақтоғай – Достық (Достық станциясы) темір жолы
---	-----------------------	--------------------	--

Жобалардың электр энергиясымен қамтамасыз етілуі:

Мұнай-газ секторы жобаларының электр энергиясымен қамтамасыз етілуі өндіру өңірлерінде жұмыс істеп тұрған және жаңа энергетикалық қуаттарды іске қосу есебінен жүзеге асырылады.

Батыс Қазақстан облысындағы энергия тапшылығы мәселесін шешу үшін Орал МАЭС іске қосу және Атырау ЖЭО, Қызылорда облысында Ақшабұлақ МАЭС кеңейту есебінен болжанады.

Республикалық және өңірлік Индустрияландыру картасына енгізілген жобалар бойынша электр энергетикасы инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу мынадай түрде жүзеге асырылады:

«Үшінші Жаңажол газ өңдеу» жобасын электр энергиясымен қамтамасыз етуді зауыт облыстың энергия көздерінің есебінен, сондай-ақ қуатын 100 МВт жеткізіп «Ақтөбемұнайқаржы» АҚ Жаңажол МАЭС-56 кеңейту есебінен (3x16 МВт) болжайды.

«Бейнеу — Шымкент» газ құбырын салуды электр энергиясымен қамтамасыз ету компрессорлы станциялардың алаңдарында орнату жоспарланып жатқан автономды газ поршеньді электр станцияларынан (ГПЭС) жүзеге асырылады деп көзделеді.

Тазартылмаған газды Жаңажол кен орнында жер қойнауына қайтадан жіберу станциясының және Солтүстік Трува кен орнынан ЖГӨЗ-3-ке газды тасымалдау және сепарациялау станцияларының жобалары Ақтөбе энергия торабының энергия көздерінің есебінен электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

Жобалардың су ресурстарымен қамтамасыз етілуі:

«Бейнеу - Шымкент» магистралды газ құбырын салу жөніндегі жоба толығымен жер үсті және жер асты суларының су ресурстары есебінен қамтамасыз етіледі.

Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі:

Мұнай-газ саласы бойынша кадрларды даярлау Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 15 мамандық бойынша 19 мың адам оқитын 18 оқу орнында өткізілген.

Көрсетілген жобаны іске асыру бойынша кадрлардың болжамды қажеттілігі 9,9 мың адамды құрайды.

2011 жылы Атырау қаласында 700 оқушы орнына арналған мұнай-газ саласына кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша өңіраралық орталық пайдалануға беріледі.

1.2. Мұнай химиясы

Ескерту. 1.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.15 № 258 Қаулысымен.

Көмірсутекті шикізатты тереңдетілген қайта өңдеуге байланысты жаңа өндірістердің орналастырылуы шикізат көздеріне, ал қолданыстағы МӨЗ жаңартылуы және жағар материалдары өндірісінің құрылысы қолда бар инфрақұрылымға және тапсыру нарықтарына бағдарланады.

Жобалар

№	Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Іске асыру мерзімі, жылдар*	Өңір
1	2	3	4	5
Республикалық жобалар				
1.	Атырау МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2009-2014 жылдар	Атырау облысы
2.	Ақтау пластмасса зауытында жол битумын шығару зауыты	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2010-2011 жылдар	Маңғыстау облысы
3.	Ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	2010-2015 жылдар	Атырау облысы
Өңірлік жобалар**				
4.	Битум шығару зауытын салу	«Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС	2009-2010 жылдар	Қызылорда облысы
5.	№ 4 мұнай дайындау зауыты	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010 жыл	Ақтөбе облысы
6.	Жамбыл облысының Аса ауылында шикі мұнайды қайта өңдеу зауытын салу	«Амангелдігаз өңдеу зауыты» ЖШС	2008-2010 жылдар	Жамбыл облысы
7.	Көмірсутек шикізаты мен шайылған мұнай қалдықтары қайта өңдеу қондырғысы	«БИС» ЖШС	2010 жыл	Қызылорда облысы
8.	Жоғары сыныпты жағар материалдарын шығару зауытын салу	«HILL Corp.» ЖШС	2007-2010 жылдар	Оңтүстік Қазақстан облысы

Жобалардың мұнаймен қамтамасыз етілуі:

Атырау МӨЗ алыс-беріс шикізатының жеткізушісі «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» СҰ» АҚ және «Теңіз Шевройл» ЖШС болып табылады. Бұл ретте жеткізілімдер Кенкияқ - Атырау, Өзен - Атырау - Самара құбыржолдары бойынша, сондай-ақ темір жол көлігімен жүзеге асырылады.

Битум зауытын салу (Маңғыстау облысы) - 2011 жылы шикізатты жеткізу көлемі 0,5 млн. тонна, 2012 жылы — 1,0 млн. тонна, 2013 жылы - 1,0 млн. тонна, 2014 жылы - 1,0 млн.тонна болатын Қаражанбас БМТС-нан Ақтау БМТС-ға дейін Атырау - Самара құбыры бойынша мұнайды тасымалдайтын «Қаражанбасмұнай» АҚ жеткізуші болып табылады.

	Жобаның атауы	Жобаны жылдар бойы мұнаймен қамтамасыз ету мүмкіндігі (тұтыну\мүмкіндік), млн. тонна	Жеткізушісі көрсетілген және келісімшарты бар жобаның мұнай қажеттіліктерін өтеу көзі	Мұнайды жеткізу бағыты (мұнай құбырының атауы)
1	2	3	4	5

		2010	2011	2012	2013	2014	Жеткізушінің атауы	
	Атырау МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	4,1/ 4,3	4,4/ 4,7	4,55/4,7	4,7/ 4,7	4,8/ 5,0	«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚазМұнайГаз» СҮ» АҚ және «Теңіз Шевройл» ЖШС алыс-беріс мұнайы	1.Кенкияк - Атырау 2. Өзен - Атырау - Самара
	Ақтау пластмасса зауытында жол битумын шығару		0,5	1,0	1,0	1,0	«Қаражанбасмұнай» АҚ-мен 2008 жылғы 15 желтоқсандағы «АтырауМӨЗ жол битумын шығару» жобасын іске асыру мақсатындағы өзара түсіністіктер туралы» «Қаражанбасмұнай» АҚ арасында меморандумға қол қойылды	Қаражанбас БМТС-нан Ақтау БМТС-ға дейін «Атырау - Самара құбыржолы бойынша

Жобалардың табиғи газбен қамтамасыз етілуі:

Атырау облысындағы ықпалдастырылған газ-химия кешенінің жеткізушісі «ТШО» ЖШС болып табылады (Теңіз ГӨЗ жобаланатын газ құбыры бойынша «ТШО» Атырау облысының Қарабатан станциясы).

	Жобаның атауы	Жобаны жылдар бойы мұнай мен қамтамасыз ету мүмкіндігі (тұтыну\мүмкіндік), млн. тонна					Жеткізушісі көрсетілген және келісімшарты бар жобаның мұнай қажеттіліктерін өтеу көзі		Газ жеткізу бағыты (газ құбыры)
1	2	3					4		5
		2010	2011	2012	2013	2014	Өнім берушінің атауы	Шарттың қолданылу мерзімі	
1	Ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу	-	-	-	7 000	7 000	«ТШО» ЖШС	2013-2042	Теңіз - Қарабатан кен орны

Жобалардың электр энергиясымен қамтамасыз етілуі:

Атырау облысы объектілерінің энергия энергетикасына қажеттіліктері жеке өндіруші энергия көздері есебінен жүзеге асырылады. Атырау ЖЭО (215 МВт) кеңейту мен қуаты 180 МВт газ-турбиналы электр станциясын салу жоспарланып отыр. Маңғыстау облысындағы жаңадан енгізілетін объект МАЭК «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» АҚ энергия көздерінің электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

Өңірлік жобалар бойынша: жаңа өндірістік қуаттарды электр энергиясымен қамтамасыз ету олардың орналасуына байланысты энергия көздерінен жүзеге асырылатын болады.

Ақтөбе облысы газ саласының жаңадан енгізілетін қуаттары Ақтөбе энергия торабының энергия көздері есебінен электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

№	Жобаның атауы	Жобаны электр энергиясымен қамтамасыз ету (тұтыну\мүмкіндік), мВт		Жобаның жылдар бойы электр энергиясымен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі, мВт				
		3		2010	2011	2012	2013	2014
1	2	3		4				
		тұтыну		44				

1	Атырау МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	мүмкіндік	44	-	-	-	44	44
2	Ақтау пластмасса зауытында жол битумын шығару	тұтыну	6,22	-	-	-		
		мүмкіндік	6,22	-	3,11	6,22	6,22	6,22
3	Ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу	тұтыну мүмкіндік	-	-	-	-	-	-

Жобалардың көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі:

Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Иске асыру мерзімі, жылдар*	Автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі
1	2	3	4
Атырау МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	«ҚазМұнайГаз» ӨК» АҚ	2009-2014 жылдар	1) Өзен - Атырау - Самара мұнай құбыры 2) Мақат - Солтүстік Кавказ МГ газ құбыры 3) «Кеңқияқ - Атырау» мұнай құбыры 4) «Қазақстан Темір Жолы» ӨК» АҚ инфрақұрылымы
Ақтау пластмасса зауытында жол битумын шығару	«ҚазМұнайГаз» ӨК» АҚ	2010-2012 жылдар	1) Қаламқас-Қаражанбас - Ақтау мұнай құбыры 2) «Қазақстан Темір Жолы» ӨК» АҚ инфрақұрылымы
Ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	2010-2015 жылдар	1) А-33 Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай — Өтес - Шетпе — Жетібай - Ақтау порты автожолы 2) Ақтау - Мақат - Атырау (Қарабатан станциясы) темір жолы
Битумды шығару зауытын салу	«Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС	2009-2010 жылдар	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) — Шымкент автожолы және Арал — Жосалы — Қызылорда автожолы 2) Алматы - Шымкент — Ақтөбе (Қызылорда станциясы) темір жолы
№ 4 мұнай дайындау зауыты	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	2010-2010 жылдар	1) Ақтөбе — Темір - Жаңажол автожолы 2) Жем - Жаңажол (Жаңажол станциясы) темір жолы
Жамбыл облысының Аса ауылында шикі мұнайды қайта өңдеу зауытын салу	«Амангелді газ өңдеу зауыты» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) Тараз - Аса - Ақкөл автожолы 2) Тараз - Жаңатас (Аса станциясы) темір жолы
Көмірсутек шикізаты мен шайылған мұнай қалдықтарын қайта өңдеу құрылғысы	«БИС» ЖШС	2010 жыл	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ақтөбе (Жосалы станциясы) темір жолы
Жоғары санатты жағар материалдарын шығару зауытын салу	«HILL Corp.» ЖШС	2007-2010 жылдар	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ақтөбе (Шымкент станциясы) темір жолы

Теңіз ГӨЗ БК ЖШС «ТШО» жеткізушісінен табиғи және сұйытылған газды газ химия кешеннің газ фракциондық қондырғыларына дейін тасымалдау үшін (Қарабатан ауылы, Құлсары, Атырау облысы) газ құбыры жасалады, этан мен пропанның фракцияларын бөлек тасымалдау үшін Атырау қаласына дейін 2 өнім құбыры өткізіледі, олар арқылы полиэтилен және цолипропилен жасалатын этилен және пропилен мономерлері өндіріледі.

Жобалардың су ресурстарымен қамтамасыз етілуі:

Мұнай-химия саласы жобаларының су ресурстары қажеттілігі жылына 0,177 км³ суды құрайды. Барлық жобалар су ресурстарымен толық қамтамасыз етілген. Бұл ретте Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Ақтау пластмасса зауытының қажеттіліктері «Астрахань - Маңғышлақ» суағары бойынша жер үсті суларының есебінен қамтамасыз етіледі.

Қызылорда облысындағы битум зауытының қажеттіліктері Арал-Сырдария су шаруашылығы бассейнінің су ресурстары есебінен қамтамасыз етіледі.

Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі:

Сала жобаларын іске асыру үшін кадрлардың болжамды қажеттілігі 20,8 мың адамды құрайды, оның ішінде құрылыс кезеңінде - 18,3 мың адам, пайдалануға беру кезеңінде - 2,5 мың адам.

Мұнай-газ саласы бойынша кадрларды даярлау 15 мамандық бойынша 18 оқу орнында жүргізіледі. 2011 жылы Атырау қаласында 700 оқушы орнына арналған мұнай-газ саласы үшін кадрларды даярлау мен қайта даярлау өңіраралық орталығы пайдалануға беріледі

1.3. Тау-кен металлургия саласы

Ескерту. 1.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.15 № 258 Қаулысымен.

Тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындары алдағы уақытта да елдің солтүстік-батыс, орталық және солтүстік-шығыс бөліктерінде Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Өскемен, Жезқазған қалаларындағы салалық мамандандырылу орталықтарымен бірге, шикізат көздері мен арзан электр энергиясына, қолда бар өндірістік қуаттарға, инфрақұрылым мен білікті еңбек ресурстарына жақын орналасады.

Металлургия мен металл өңдеу саласындағы жоғары бөліністі істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістерді орналастыру:

бастапқы бөліністің қолда бар кәсіпорындарына - болат өндірісі (Қарағанды облысы), титан құймалары (Шығыс Қазақстан облысы), феррохром өндірісі (Ақтөбе облысы), темір жол рельстері мен прокаттың өндірісі (Павлодар облысы), ферросиликомарганец өндірісі (Жамбыл облысы), арнайы болаттың өндірісі (Қарағанды және Қостанай

о б л ы с т а р ы) .

арзан электр энергиясының көздеріне - алюминий өндірісі (Павлодар облысы),
катод мысы (Шығыс Қазақстан облысы) байланыстырылады.

Жобалар

№	Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Іске асыру мерзімі, жылдар*	Өңір
1	2	3	4	5
1.	Васильков алтын кен орнын әрі қарай игеру және алтын шығару фабрикасын салу	«Васильков тау-кен байыту кешені» АҚ	2007-2010 жылдар	Ақмола облысы
2.	Өскемен металлургия кешенінің мыс қорыту және электролиз зауыттарын салу, жылына 70000 тонна мыс қорытпасы	«Қазмырыш» АҚ	2006-2010 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
3.	«ӨТМК» акционерлік қоғамы базасында титан кесектері және қорытпаларын өндіру зауыты	«Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ	2007-2010 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
4.	Тараз металлургия зауытының ферроқорытпалар өндірісін кеңейту және жаңғырту	«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	2009-2010 жылдар	Жамбыл облысы
5.	Металл илектеу зауытын салу	«Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ	2008-2010 жылдар	Қостанай облысы
6.	Бастапқы алюминий өндіретін электролиз зауытының екінші кезегін салу	«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ	2009-2010 жылдар	Павлодар облысы
7.	Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жоғары көміртекті феррохром өндірісін ұлғайту	«Қазхром» ұлттық көлік компаниясы» АҚ	2009-2012 жылдар	Ақтөбе облысы
8.	Ақтоғай КБК салу	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС	2010-2014 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
9.	Металданған өнім өндіру зауытын салу	«Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ	2011-2014 жылдар	Қостанай облысы
10.	Қостанай қаласында ұсақ сұрыпты илектеу станын салу	«ЕвразКаспиан Сталь» ЖШС	2010-2012 жылдар	Қостанай облысы
11.	Бозшакөл КБК салу	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС	2010-2014 жылдар	Павлодар облысы
12.	Темір рудасын өндіру және өңдеу	«Вару Mining» ЖШС	2007-2010 жылдар	Қарағанды облысы
13.	«Юбилейное» кен орнында алтын бар кен байыту фабрикасы және кеніш салу	«Юбилейное» ЖШС	2009-2013 жылдар	Ақтөбе облысы
14.	№ 2 мыс-мыс-мырыш рудасын өңдеу жөніндегі байыту фабрикасы	«Актюбинская медная компания» ЖШС	2008-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
14-1.	Ақбақай алтын өндіру фабрикасын қайта жаңарту және жаңғырту	«АК Алтыналмас» АҚ	2010 – 2011 жылдар	Жамбыл облысы
14-2.	Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін өсіре отырып, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ны дамыту және жаңғырту	«Арселор Миттал Теміртау» АҚ	2010 – 2015 жылдар	Қарағанды облысы
14-3.	Электрмен болат балқыту кешенін салу	«Ақтау құйма зауыты» ЖШС	2011 – 2013 жылдар	Маңғыстау облысы

14-4.	Алтын өндіру қуатын 1 тоннаға дейін арттыру	«КБК Төрт Құдық» АҚ	2007 – 2010 жылдар	Павлодар облысы
14-5.	Катодты мыс рудасын қайта өңдеу және өндіру кешенін салу	«KazCopper» ЖШС	2010 – 2014 жылдар	Ақтөбе облысы
14-6.	Қуатын жылына 300 мың тонна ферроқорытпаға дейін жеткізе отырып, ферроқорытпа өндірісін және оның шикізат базасын әртараптандыру мен кеңейту	«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	2011 – 2012 жылдар	Жамбыл облысы
14-7.	«Көктасжал» кен орнының базасында тау-кен кешенін кеңейту	«Алтай полиметалдары» ЖШС	2011 – 2014 жылдар	Қарағанды облысы
14-8.	Тазартылған мыс өндіретін зауыт салу	«Сары Қазына» ЖШС	2010 – 2012 жылдар	Қарағанды облысы
14-9.	Күйдірілген анодтарды шығару	«Қазақстан электролиз зауыты» АҚ	2008 – 2012 жылдар	Павлодар облысы
Өңірлік жобалар**				
15.	Байыту фабрикасындағы қайта жаңғырту жұмыстары	«Қазмырыш» ЖШС	2009-2011 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
16.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.13 № 258 Қаулысымен.			
17.	Темір кендерін қайта өңдеу және байыту жөніндегі үгіту-байыту фабрикасын салу	«Өркен» ЖШС	2010-2010 жылдар	Ақмола облысы
18.	Тишин кенішінің төменгі жерлеріндегі кендерді дамыту	«Қазмырыш» ЖШС	2009-2011 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
19.	РМК мырыш өндірісінің қалпына келтірілуі	«Қазмырыш» ЖШС	2008-2011 жылдар	Шығыс Қазақстан облысы
20.	Жылына 120 мың тонна металл бұйымдарын шығаратын электр металлургия зауыты	«Запчасть» АҚ	2008-2010 жылдар	Жамбыл облысы
21.	Жаңатас қаласында болат балқыту цехын салу	«Жаңатас» металлургия комбинаты» ЖШС	2008-2010 жылдар	Жамбыл облысы
22.	Болаттан жасалған иілген бейінді шығару зауыт салу	«Inogroup» ЖШС	2008-2011 жылдар	Алматы облысы
23.	Алюминий катанкасы өндірісін ұйымдастыру	«Қазэнерго-кабель» АҚ	2009-2010 жылдар	Павлодар облысы
24.	Байыту фабрикасын салумен бірге Велиховский темір кендерінің кен орнын игеру	«Ақтөбе Темір ВС» ЖШС	2012-2014 жылдар	Ақтөбе облысы
25.	«Шығыс» кен орнында жер асты кеніші-шахта	«Шығыс-Ориел» ЖШС	2009-2010 жылдар	Ақтөбе облысы
26.	Құлсары қаласында металл прокатын шығару жөніндегі металлургиялық комбинат салу	«Металлөнім» ЖШС	2009-2010 жылдар	Атырау облысы
27.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.13 № 258 Қаулысымен.			
28.	«Kaztherm» ЖШС болаттан жасалған панельді радиаторларын шығару	«Kaztherm» ЖШС	2008-2010 жылдар	Қарағанды облысы
29.	Металл құрылғыларының зауыты бойынша өндірістік алаңдар салу	ТОО «ТеңізСервис»	2008-2010 жылдар	Маңғыстау облысы
30.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.13 № 258 Қаулысымен.			
31.	Болатты вакуумдауға арналған қондырғы салу	«KSP Steel» ӨФ ЖШС	2008-2010 жылдар	Павлодар облысы

32.	Қуаты 350 мың тонна агломератты құрайтын аглоцехты жобалау және құру	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2008-2010 жылдар	Павлодар облысы
33.	Марганцовистік құйма өндірісін ұйымдастыру	«Format зауыты» ЖШС	2009-2010 жылдар	Павлодар облысы
34.	Жоғары көмірсутекті феррохром шлактарын қайта өңдеу кешенін жобалау және салу	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2009-2010 жылдар	Павлодар облысы
35.	Өндірісті басқарудың ақпараттық жүйесі	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2009-2010 жылдар	Павлодар облысы
36.	Қуаты жылына 40 мың текше метр Обухов кен орнының титан-цирконий рудаларын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс	«Тиолайн» ЖШС	2006-2010 жылдар	Солтүстік Қазақстан облысы
37.	«Сырымбет» кен орнын игеру	«Сырымбет» АҚ	2010-2014 жылдар	Солтүстік Қазақстан облысы
38.	Металл конструкцияларын шығару	«Ақтөбе металл конструкциялары зауыты» ЖШС	2010 жыл	Ақтөбе облысы
39.	Теңіз металл конструкцияларын шығару	«Қазақстан Каспиан Оффшор Индастриз» ЖШС	2009 – 2011 жылдар	Маңғыстау облысы
40.	Феррокорытпа өндірісінде кокс алмастырғыш алу үшін ұзақ жанғыш көмірді байыту және сұрыптау	«Хром-Т» ЖШС	2010 – 2011 жылдар	Қарағанды облысы

Жобалардың рудамен қамтамасыз етілуі:

Келер уақытта (2010 - 2014 жылдар) тау кен-металлургия саласының Индустрияландыру картасы жобаларының рудалық пайдалы қазбаларға қажеттілігінің қамтамасыз етілуі мынадай минералдық-рудалық базамен жүзеге асырылады:

қара металлургияда - Соколов, Сарыбай, Қашар, Қоржынкөл және басқа кен орындарын ары қарай игеру арқылы Қостанай облысында 3,5 млрд. тонна өндірілген кеннің қоры бар ENRC корпорациясының жобалары, «Арселор Миттал Теміртау» жобалары - Атасу және Батыс Қаражал кен орындарын игеру есебінен, сондай-ақ Қарағанды облысындағы Жомарт, Үшқатан 1 кен орындарын ары қарай игеру;

феррохром өндірісінде - «Қазхром» ТӨК» АҚ жобасы, Алмаз-Жемчужина, Миллионное, Қазақ ҚСР 40 жылдығы - Молодежное кен орындарының 300 млн. тоннадан астам хром рудасынан біріккен қорлары есебінен;

мыс-мырыш өнімінің өндірісінде - Ақтоғай (1,4 млрд. тоннадан астам), Ақбастау, Қосмұрын және басқа да мыс пен полиметалдар кен орындары, олардың қайта өңделуі жоспарланып жатқан Ақтоғай тау-кен байыту комбинатында жүзеге асырылады. Малеевское, Тишинское, Риддер-Сокольное, Греховское кен орындарының игерілуі жалғасады, олардың біріккен қорлары шамамен 100 млн. полиметалл рудасын құрайды, «Бозшакөл КБК» жобасының іске асырылуы 170 млн.тонна рудадан астам өндірілген

қуаты бар Павлодар облысындағы кен орнын игеру есебінен іске асырылады; алюминий өндірісінде - 200 млн. тоннадан астам өндірілген қорлары бар Қостанай облысында бокситтердің кен орны, оның ішінде мемлекеттік зоологиялық қорық аумағында орналасқан Таунсор кен орнын да алуға болады;

алтынды өңдеу мен өндіру - Ақмола облысындағы алтын-сульфидті кендердің орнында Васильков КБК ары қарай игеру жобасын іске асыру, Бақыршық кен орнында (Шығыс Қазақстан облысы), сондай-ақ 120 млн. тонна алтын-сульфидті рудалар өндірілген қоры бар Абыз (Қарағанды облысы) кен орындарын игеру;

никельды өңдеу мен өндіру - өндірілген қуаты 7 млн.тонна Солтүстік-Рождественское, Оңтүстік-Шырпақайын кен орындары. Қайта өңдеу құрылысы жоспарланып жатқан Бадамша никель зауытында өтеді;

Республика жалпы қатты пайдалы қазбалардың жеткілікті ресурстарына ие, сондай-ақ руда базасын кеңейту және өндірілген кен орындарын толтыру мақсатында елдің пайдалы қазбалары туралы геологиялық ақпараттың массивін қалыптастырумен өңірлік, геологиялық түсіру, іздеу-бағалау және іздеу-барлау жұмыстары жүргізіледі.

Р/с №	Жобаның атауы	Өңір	Жобаның қуаты (тонна)	Талап етілетін шикізат түрі	Шикізатқа қажеттілік (мың тонна)	Шикізатпен қамтамасыз ету (мың тонна)
1	2	3	4	5	6	7
1	Васильков алтын кен орнын әрі қарай игеру және алтын шығару фабрикасын салу	Ақмола облысы «Васильков тау кен байыту комбинаты» АҚ	14,8 тонна	Алтын сульфидті кендер	600 мың тонна	121 600 мың тонна
2	Өскемен металлургия кешенінің мыс қорыту және электролиз зауыттарын салу, жылына 70 000 тонна мыс қорытпасы	ШҚО, «Қазмырыш» АҚ	Жылына 70 000 катод мысы және 100 000 қара қорғасын	Мыс шикізаты	Жылына 295 мың тонн	«Қазмырыш» АҚ әзірленетін ШҚО кен орыны: Греховское қуаты — 59 млн. тонна, Зыряновское - қуаты - 80,9 млн. тонна, Малеевское - қуаты 34 млн. тонна. Жиынтық қуаты - шамамен 174 млн. тонна
3	«ӨТМК» АҚ базасында титан кесектері және қорытпаларын өндіру зауыты	ШҚО, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ	16 мың тонна титан құймалары	Ильменит үгіндісі		ШҚО-дағы кен орындар: Сатпаевское — ильменит үгіндісінің қуаты 22 млн. тонна
4	Тараз металлургия зауытының	«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	64,8 мың тонна	Марганец кені	2009 жылы жылдық	Қарағанды облысындағы марганецтің негізгі кен орындары Полуденное 62 мың т, Керегетас — 784 мың т., Жезді кен

	феррокорытпалар өндірісін кеңейту және жаңғырту				қажеттілік 40 мың тоннадан астам	орны, шамамен 7 млн.тонна. Жиынтық қуаты 8 млн. тонна.
5	Металл илектеу зауытын салу	Қостанай облысы, «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ	Жылына 75 мың тонна	Темір рудасы	Жылдық қажеттілік шамамен 350 мың тонна	ССТӨБ АҚ әзірленіп жатқан Қостанай облысындағы кен орындар: Қашар - 1 млрд. 259 млн. т., Қоржынкөл - 180 млн. т., Сарыбай - 1 млрд. 16 млн. т. Соколов 1 237 млн. т. Жиынтық қуаты - шамамен 2600 млн. Тонна
6	Бастапқы алюминий өндіретін электролиз зауытының екінші кезегін салу	Павлодар облысы, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ	250 мың тонна	бокситтер	1 млннан. 1,6 млн . тонна рудаға дейін	Қазақстан алюминий әзірлейтін Қостанай облысындағы кен орындардың жиынтық қуаты - 238,3 млн. тонна
7	Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жоғары көміртекті феррохром өндірісін ұлғайту	Ақтөбе облысы, «Қазхром» ұлттық көлік компаниясы» АҚ	2 550 мың тонна	Хром кендері		Ақтөбе облысындағы кен орындар: ҚазКСР 20 жыл, ҚазКСР 40 жыл, Алмаз-Жемчужина, 21-кен орыны және т.б. Жиынтық қуаты - 300 млн. тоннада астам
8	Ақтоғай КБК салу	ШҚО, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС	Жылына 25 000 катод мысы және 250 000 т. концентрат	Мыс кені		Қазақмыс корпорациясы әзірлейтін ШҚО кен орындары, Ақтоғай - қуаты 1 млрд. 445 млн. тонна
9	Металданған өнім өндіру зауытын салу	Қостанай облысы «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ	Жылына 2 800 мың тонна	Темір кені	Жылына шамамен 10 млн. тонна	ССКӨБ АҚ әзірлейтін Қостанай облысындағы кен орындар: Қашар - 1 млрд. 259 млн. т., Қоржынкөл - 180 млн. т., Сарыбай - 1 млрд. 16 млн. т. Соколов 1 237 млн. т. Жиынтық қуаты - шамамен 2600 млн. тонна
						Қостанай облысындағы кен орындар: Қашар — 1 млрд. 259

10	Қостанай қаласында ұсақ сұрыпты илектеу станын салу	Қостанай облысы «ЕвразКаспиан Сталь» ЖШС	450 мың тонна	Құрылыс прокаты	800 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін	млн. т., Қоржынкөл - 180 млн. т., Сарыбай - 1 млрд. 16 млн. т. Соколов 1 237 млн. т. Жиынтық қуаты - шамамен 2 600 млн. тонна
10	Бозшакөл КБК салу	Павлодар облысы, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС	500 мың тонна	Мыс кені		Қазақмыс АҚ әзірлейтін Павлодар облысындағы кен орындар: Бозшакөл - қуаты - 174 млн. тонна

Жобалардың көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі:

Жобаның атауы	Жобаға өтінім беруші	Іске асыру мерзімі, жылдар *	Автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі
1	2	3	4
Васильков алтын кен орнын әрі қарай игеру және алтын шығару фабрикасын салу	«Васильков КБК» АҚ	2007-2010 жылдар	1) Көкшетау қаласы арқылы өтетін А-1 Астана - Петропавл автожолы және Щучинск - Зеренді автожолы 2) Астана — Петропавл (Көкшетау станциясы) темір жолы
Өскемен металлургия кешенінің мыс қорыту және электролиз зауыттарын салу, жылына 70000 тонна мыс қорытпасы	«Қазмырыш» АҚ	2006-2010 жылдар	1) А-9 Өскемен - Лениногор - РФ шекарасы автожолы, А-10 Өскемен - Шемонаиха - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы автожолы 2) Астана — Лениногор (Защита станциясы) темір жолы және Алматы — Өскемен - Лениногор темір жолы
«ӨТМК» акционерлік қоғамы базасында титан кесектері және қорытпаларын өндіру зауыты	«Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ	2007-2010 жылдар	1) А-9 Өскемен - Лениногор - РФ шекарасы автожолы, А-10 Өскемен - Шемонаиха - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы автожолы 2) Астана - Лениногор (Защита станциясы) темір жолы және Алматы - Өскемен - Лениногор темір жолы
Тараз металлургия зауытының ферроқорытпалар өндірісін кеңейту және жаңғырту	«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	2009-2010 жылдар	1) Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы, Қырғызстан Республикасының шекарасына қарай кіреберістермен А-2 Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас автожолы және А-14 Тараз - Өтмек - Қырғызстанның шекарасы автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ташкент (Тараз станциясы) темір жолдары

Металл илектеу зауытын салу	«ССКӨБ» АҚ	2008-2010 жылдар	1) А-22 Қарабұтақ - Комсомольское - Денисовка - Рудный - Қостанай а в т о ж о л ы 2) Астана - Қостанай (Железорудная станциясы) темір жолы
Бастапқы алюминий өндіретін электролизді зауыттың екінші кезегін салу	«Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ	2009-2010 жылдар	1) Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбы қаласына) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда — Павлодар - Успенка - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы автожолы 2) Астана - Лениногор (Павлодар станциясы) темір жолы және Алматы - Өскемен - Лениногор темір жолы
Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жоғары көміртекті феррохром өндірісін ұлғайту	«Қазхром» ТӨК АҚ	2009-2012 жылдар	1) Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы; 2) Алматы - Шымкент — Ақтөбе (Ақтөбе станциясы) автожолы
Ақтоғай КБК салу	«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС	2011-2014 жылдар	1) А-3 Алматы - Өскемен автожолы 2) Алматы — Лениногор (Ақтоғай - Ақтоғай КБК станциясының темір жол торабы) автожолы
Металданған өнім өндіру зауытын салу	«ССКӨБ» АҚ	2011-2014 жылдар	1) А-22 Қарабұтақ - Комсомольское — Денисовка - Рудный - Қостанай а в т о ж о л ы 2) Астана - Қостанай (Железорудная станциясы) темір жолы
Қостанай қаласында ұсақ сұрыпты илектеу станын салу	«Евраз Каспиан Сталь» ЖШС	2010-2012 жылдар	1) А-22 Қарабұтақ - Комсомольское - Денисовка - Рудный - Қостанай а в т о ж о л ы 2) Астана — Қостанай (Қостанай станциясы) темір жолы
Бозшакөл КБК салу	«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС	2010-2014 жылдар	1) Астана-Ерейментау — Шідерті а в т о ж о л ы 2) Астана - Лениногор (Бозшакөл станциясы) автожолы
Темір кенін барлау және өндіру	«Вару Mining» ЖШС	2007-2010 жылдар	1) Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы өтетін М-36 РФ шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы а в т о ж о л ы 2) Алматы - Астана - Петропавл (Қарағанды - Сортировочная станциясы) темір жолы
№ 2 мыс-мыс-мырыш рудасын қайта өңдеу байыту фабрикасы	«Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) Орал, Қызылорда, Ақтөбе қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы 2) Алматы - Шымкент — Ақтөбе (Ақтөбе станциясы) темір жолы

Байыту фабрикасында қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу	«Қазмырыш» ЖШС	2009-2011 жылдар	1) А-9 Өскемен - Лениногор - РФ шекарасы автожолы, А-10 Өскемен - Шемонаиха - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы а в т о ж о л ы 2) Астана - Лениногор (Защита станциясы) темір жолы
Темір кендерін қайта өңдеу және байыту жөніндегі үгіту-байыту фабрикасын салу	«Өркен» ЖШС	2010-2010 жылдар	А-1 Астана - Петропавл, Көкшетау қаласы арқылы өтетін Макинск - Степняк автожолы
Тишин кенішінің төменгі жерлеріндегі кендерді дамыту	«Қазмырыш» ЖШС	2009-2011 жылдар	1) А-9 Өскемен - Лениногор — РФ шекарасы арқылы өтетін автожол, А-10 Өскемен — Шемонаиха - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы автожолы 2) Астана - Лениногор (Защита станциясы) темір жолы және Алматы - Өскемен - Лениногор темір жолы
РМК мырыш өндірісін қайта жаңарту	«Қазмырыш» ЖШС	2008-2011 жылдар	1) А-9 Өскемен - Лениногор - РФ шекарасы автожолы, А-10 Өскемен - Шемонаиха - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - РФ шекарасы а в т о ж о л ы 2) Астана - Лениногор (Защита станциясы) темір жолы және Алматы - Өскемен - Лениногор темір жолы
Жылына 120 мың тонна металл бұйымдарын шығаратын электр-металлургия зауыты	«Запчасть» АҚ	2008-2010 жылдар	1) Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы өтетін, Қырғызстан Республикасына кіреберіс жолдары бар А-2 Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы — Қорғас автожолы және А-14 Тараз - Өтмек - Қырғызстан шекарасына автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ташкент (Тараз станциясы) темір жолы
Жаңатас қаласында болат балқыту зауытын салу	«Жаңатас» металлургия комбинаты» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы өтетін, Қырғызстан Республикасына кіреберіс жолдары бар А-2 Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы — Қорғас, автожолы және А-14 Тараз - Өтмек - Қырғызстан шекарасына автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ташкент (Тараз станциясы) темір жолы
Иілген болат бейінді өндіру зауытын салу	«Пnogroup» ЖШС	2008-2011 жылдар	1) Алматы - Қапшағай тас жолына кіреберіс жолдары бар А-3 Алматы - Өскемен автожолы 2) Алматы - Өскемен (Қапшағай станциясы) темір жолы
			1) Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбы қаласына) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу)

Алюминий катанкасы өндірісін ұйымдастыру	«Қазэнергокабель» АҚ	2009-2010 жылдар	автожолы, А-17 Қызылорда - Павлодар — Успенка - РФ шекарасы автожолы және Алматы - Өскемен - Лениногор - РФ шекарасы автожолы 2) Астана - Лениногор (Павлодар станциясы) темір жолы және Алматы — Өскемен - Лениногор темір жолы
Байыту фабрикасын салумен бірге Велиховский темір кендерінің кен орнын игеру	«АқтөбеТемір ВС» ЖШС	2012-2014 жылдар	1) Орал, Қызылорда, Ақтөбе қалалары арқылы өтетін М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолы 2) Алматы - Шымкент - Ақтөбе (Ақтөбе станциясы) темір жолы
«Шығыс» кен орнында жер асты кеніші-шахта	«Шығыс-Ориел» ЖШС	2009-2010 жылдар	1) Ақтөбе - Қостанай, Хромтау арқылы өтетін автожол 2) Ақтөбе - Астана (Хромтау станциясы) темір жолы
Құлсары қаласында металл илегін шығару жөніндегі металлургия комбинатын салу	«Металлөнім» ЖШС	2009-2010 жылдар	1) А-33 Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай - Өтес - Шетпе - Жетібай - Ақтау порты автожолы 2) Ақтау — Мақат - Атырау (Құлсары станциясы) темір жолы
«Kaztherm» ЖШС болаттан жасалған панельді радиаторлар өндірісі	«Kaztherm» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы өтетін М-36 РФ шекарасы (Екатеринбургке) - Алматы автожолы 2) Алматы - Астана - Петропавл (Қарағанды - Сұрыптау станциясы) темір жолы
Металл құрылғыларының зауыты жөніндегі өндірістік алаңдардың құрылысы	«ТеңізСервис» ЖШС	2008-2010 жылдар	1) А-33 Доссор - Құлсары - Бейнеу - Сай — Өтес - Шетпе — Жетібай - Ақтау порты автожолы 2) Ақтау - Мақат - Атырау (Ақтау станциясы) темір жолы
Вакуумдалған болатты орнату құрылысы	«KSP Steel» ӨФ ЖШС	2008-2010 жылдар	1) Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы автожолы 2) Астана - Лениногор (Павлодар станциясы) темір жолы
Қуаты 350 мың тонна агломератты құрайтын аглоцехты жобалау және құру	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2008-2010 жылдар	1) Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы автожолы 2) Астана — Лениногор (Павлодар станциясы) темір жолы
Марганец құймасы өндірісін ұйымдастыру	«Format зауыты» ЖШС	2009-2010 жылдар	1) Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы автожолы

			2) Астана - Лениногор (Павлодар станциясы) темір жолы
Жоғары көмірсутекті феррохром шлактарын қайта өңдеу кешенінің салынуын жобалау	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2009-2010 жылдар	Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда -Павлодар — Успенка - РФ шекарасы автожолы
Өндірісті басқарудың ақпараттық жүйесі	«Қазхром» ТӨК» АҚ Ақсу ферроқоспалар зауыты	2009-2010 жылдар	Павлодар, Семей қалалары арқылы өтетін М-38 РФ шекарасы (Омбыға) - Майқапшағай (ҚХР-ға шығу) автожолы және А-17 Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы автожолы
Қуаты жылына 40 мың текше метр Обухов кен орнының титан-цирконий рудаларын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс	«Тиолайн» ЖШС	2006-2010 жылдар	Көкшетау қаласы арқылы өтетін А-1 Астана - Петропавл автожолы
«Сырымбет» кен орнын игеру	«Сырымбет» АҚ	2010-2014 жылдар	Көкшетау қаласы арқылы өтетін А-1 Астана - Петропавл автожолы
Ақбақай алтын өндіру фабрикасын қайта жаңарту және жаңғырту	«АК Алтыналмас» АҚ	2010 – 2011 жылдар	1) Өзбекстан шекарасы А-2 (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас автожолы және А-14 Тараз – Өтмек – Қырғызстан шекарасы автожолы 2) Алматы – Шымкент – Ташкент (Тараз станциясы) темір жолы
Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайта отырып, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ны дамыту және жаңғырту	«Арселор Миттал Теміртау» АҚ	2010 – 2015 жылдар	1) Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы өтетін М-36 Алматы автожолы 2) Алматы – Астана – Петропавл (Қарағанды – Сортировочная станциясы) темір жолы
Электрмен болат балқыту кешенін салу	«Ақтау құйма зауыты» ЖШС	2010 – 2013 жылдар	1) А-33 Доссор – Құлсары – Бейнеу – Сай – Өтес – Шетпе – Жетібай – Ақтау порты автожолы 2) Ақтау – Мақат – Атырау (Ақтау станциясы) темір жолы
Алтын өндіру қуатын 1 тоннаға дейін арттыру	«КБК Төрт Құдық» АҚ	2007 – 2010 жылдар	1) Қарағанды – Екібастұз – Павлодар автомобиль жолы 2) Павлодар – Астана (Екібастұз станциясы) темір жолы
Алдымыздағы кезеңде экономиканың көмірге деген болжамды қажеттілігі толық көлемде қамтамасыз етіледі. Бастысы энергетика болып табынатын көмірдің негізгі тұтынушыларының құрылымы келешекте өзгермейді. Индустрияландыру картасының қазіргі заманға сай жаңғыртылатын кәсіпорындарының қажеттілігі Екібастұз көмір бассейні және Майкөбен кен орны ресурстарының есебінен жабылады. Екібастұз ГРЭС -1 2012 жылдан бастап қуаттылығын кеңейткеннен кейін жыл сайын 2,1 млн. тонна көлемінде, Екібастұз ГРЭС-2 2013 жылдан бастап - 4,2 млн. тонна көлемінде, Балқаш ЖЭС 2014 жылдан бастап жылына 5,5 млн. тонна көлемінде.

2015 жылға дейін көмірдің болжамды теңгерімі, млн. тонна

Р/с №	Атауы	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	Болжам			
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9
I	Ресурстар	104,5	94,5	104,2	111,3	115,3	119,3	124,3
1	Өндіру	104,2	94,3	104	111	115	119	124
2	Импорт	0,3	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3

II	Бөлу, барлығы	104,5	94,5	104,2	111,3	115,3	119,3	124,3
	оның ішінде:							
1	экспортқа	32,9	25	28	28,5	29	30	32
2	ішкі тұтынуға	71,6	69,5	76,2	82,8	86,3	89,3	92,3
	оның ішінде:							
a)	өнеркәсіп кәсіпорындары	13,1	11,2	13,1	15	16	16,8	16,8
б)	коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар және халық	11,2	11,7	13,6	13,8	15,3	15,5	16,5
в)	энергетика	47,3	46,6	49,5	54	55	57	59
III	орташа босату бағасы, теңге							
	кокстелетін көмірге	4030	3464	3810	4030	4030	4750	4750
	энергетикалық көмірге	1145,5	1674	1690	1700	1717	1734	1750

Г а з р е с у р с т а р ы

Газды өндіріп алу, өңдеу және тұтыну теңгерімінің болжамы алдағы кезеңде қолда бар газ ресурстарынан тұтынуды арттыру үрдісінің сақталатынын көрсетіп отыр, бұл газды пайдалануға бағдарланған жаңа өндірістердің дамуында шектеуші фактор б о л а д ы .

Қазақстан — Қытай газ құбырының құрамдас бөлігі болып табылатын «Бейнеу — Шымкент» газ құбырын салу республиканың экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтеді және оңтүстік облыстардың газбен тұрақты қамтылуын қамтамасыз етеді, оларда табиғи газды жеткізу дәстүрлі түрде тек Өзбекстаннан ғана жүзеге асырылады. Сондай-ақ Атырау ЖЭО, Ақшабұлақ, Орал МАЭС және Атырау облысында газ-химия кешенінің де қажеттіліктері қамтамасыз етіледі.

2015 жылға дейін газбен қамтамасыз етудің болжамды теңгерімі, млн. текше м.

Р / с №	Атауы	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
I	Шикі газ өндіру, барлығы	3 3 507,5	3 6 015,1	3 7 757,9	4 3 569,7	4 4 831,7	5 3 459,0	55 774,8
II	Шикі газ пайдалану	1 6 035,8	1 6 289,0	1 4 506,0	1 6 392,4	1 5 960,4	2 0 089,1	22 400,6
	оның ішінде:							
1	Технологиялық және өзіндік қажеттіліктерге, оның ішінде газ жағу	7 828,0	7 522,3	6 083,8	6 039,8	5 521,1	7 745,1	7 737,8
2	Жер қыртысына қайта айдау	8 207,9	8 766,7	8 422,2	1 0 352,6	1 0 439,3	1 2 344,0	14 662,9
III	Құрғақ газ өндірісі, оның ішінде	1 7 471,7	1 9 726,0	2 3 251,9	2 7 177,2	2 8 871,3	3 3 369,9	33 374,2

1	Жер қойнауын пайдаланушылардың өзіндік және технологиялық қажеттіліктерге тұтынуы	2 804,2	3 001,0	3 328,1	3 566,0	3 615,0	4 012,9	3 989,5
2	бөлуге арналған құрғақ газ	1 4 667,5	1 6 725,0	1 9 923,8	2 3 611,2	2 5 256,3	2 9 357,0	29 384,7
IV	СВОП бойынша түсті және босатылды	4 048,9	3 073,8	4 101,0	4 111,0	4 500,0	4 500,0	4 500,0
VI	Газды тұтыну барлығы, оның ішінде	8 991,2	8 616,7	9 681,5	1 0 152,0	1 2 036,9	1 2 998,1	13 757,2
1	өнеркәсіптік кәсіпорындар	1 921,8	2 361,4	2 736,4	2 791,4	5 678,7	5 880,6	5 996,3
2	коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар	306,6	376,1	348,6	362,4	471,5	479,9	499,5
3	Жылу энергиясын өндіру кәсіпорындары	5 226,1	5 826,8	4 853,9	5 150,6	8 158,1	8 301,9	8 497,9
4	Халық	1 536,8	1 600,0	1 742,6	1 847,5	2 754,1	2 867,4	3 060,2
VII	Газдың еркін ресурстары (III-Т.2+IV т., V т., VI т., VII т.)	5 676,4	7 000,0	7 000,0	1 0 933,9	7 497,3	1 0 814,3	9 664,1

Мұнай ресурстары

2009 жылы мұнай және газ конденсатын өндіру республикада шамамен 76,5 млн. тонна, газ өндіру 35,6 млрд. текше м құрады. Мұнай және газ конденсатының экспорты 6 8 , 1 м л н . т о н н а к ұ р а д ы .

Газ конденсатын қоса алғанда, мұнайдың нақтыланған қорлары жөніндегі Ақтөбе облысының үлесі шамамен - 5,9%, Атырау - 73,2%, Батыс Қазақстан - 5,0%, Қызылорда — 3,1%, Маңғыстау- 12,8%, Жамбыл - 0,02% құрайды.

Қазақстан мұнайының теңгерімді қорының шамамен 42,2%-ы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі қайраңында орналасқан Қашаған кең орнында және 26,2%-ы Атырау облысының Теңіз кен орнында, 4,6% - Батыс Қазақстан облысының Қарашығанақ кен орнында шоғырланған.

Мұнай өндіруді одан әрі дамыту теңіз жобаларымен және Теңіз бен Қарашығанақ кен орындарын кеңейту жобаларының нәтижелерімен тығыз байланысты.

2010 - 2014 жылдары мұнай және газ конденсатын өндіру республикада Теңіз кен орны жобаларын іске асыру есебінен 1,5 млн. тоннаға, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторында өндіруді бастау есебінен 3,5 млн. тоннаға артады.

2015 жылға дейін мұнай өндіру мен өңдеудің болжамы, млн. тонна

Р / с №	Атауы	2008	2009 факт	болжам				
				2010	2011	2012	2013	2014
1	2	3	4	4	5	6	7	8
1.	Ресурстар, оның ішінде:							
1.1.	Өндіріп алынды (шығарылды)	70,60	76,50	80,00	81,00	83,00	83,00	85,00
2.	Ішкі тұтыну, оның ішінде:	12,29	12,13	13,10	13,10	13,30	14,20	15,10
2.1.	МӨЗ	12,29	12,13	13,10	13,10	13,30	14,20	15,10
2.2.	Ақтау қаласындағы битум зауыты					1,00	1,00	1,00

Қатты пайдалы қазбалар (рудалық)

Қазақстанда хром рудасы әлем қорының 30%-ы, 2,5% - марганец рудасы, 5% - темір рудасы жинақталған. Мыс, қорғасын және мырыш қоры әлемдік қорлардың тиісінше 5,6%, 10,2% және 3%-ын құрайды. ТМД елдерінің арасында хромит қорының үлес салмағы 90%, вольфрам 60%, қорғасын мен мыс 50%, бокситтер 30%, фосфориттер 25%, темір рудасы 15% құрайды.

Республиканың жалпы алғанда жеткілікті шикізат ресурстары бар. Осылайша, әртүрлі ұстанымдар бойынша барланған ресурстар 20 жылдан 300-ге және одан астам жылға жетеді. Солай бола тұра, елдің жалпы ұстанымдары басқа сарапшы елдермен салыстырғанда үздік деп айтуға келмейді. Республиканың түсті металлургиясының минералдық-шикізат кешені негізінен сапасы бойынша төмен түсті және сирек металдардың кен орындары ретінде ұсынылған. Еліміздегі металдар шетел кен орындарында шоғырланған металдардан әлдеқайда аз болып келеді, бұл шикізаттың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Руда шикізатының барлық түрлері жөніндегі оның минералогиялық құрамын күрделендіру жағдайында тауар рудасында негізгі металдардың болуын төмендету жүргізілуде.

Саланың негізгі проблемалары:

геологиялық барлау жұмыстарын жеткілікті дәрежеде қаржыландырмау салдарынан жұмсалған қуаттардың әлсіз толтырылуы. Бюджеттен жеткілікті дәрежеде қаржыландырылмауынан геологиялық барлау жұмыстары көлемінің және нәтижелілігінің төмен болуынан минералдық шикізаттың барланған қорларын толтыру жеткілікті көлемде қамтамасыз етілмейді;

негізгі металл жөніндегі бай рудаларды іріктеп өндіріп алу және пайдалы минералдарды алу кешенділігінің болмауы. Байыту фабрикаларында тозған және моральдық жағынан ескірген жабдықтар бар, жаңа технологиялар мен реагенттер қолданылмайды, бұның салдарынан металдарды алу көп жағдайда төмен және концентраттар сапасы жоғары емес;

сала ерекшелігі - толық металлургиялық айналымы бар кәсіпорындардың шикізат ресурстары көздеріне едәуір қатал байлануы. Сала кәсіпорындары елдің солтүстік-батыс, орталық және солтүстік-шығыс бөлігінде басым орналасқан, олардың ішінде Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар және Қостанай облыстары жетекші болып табылады.

Республикада темір рудаларының қоры негізінен елдің солтүстігінде және орталығында (Қостанай облысында темір рудасы қорының 88,3%-ы жиналған). Неғұрлым ірі кен орындары Соколов, Сарыбай, Качарское, Қоржынкөл (Қостанай облысы), сондай-ақ Жомарт, Үшқатан 1 (Қарағанды облысы) кен орындары. Бұдан басқа, темір рудасы кешенін одан әрі дамытуды Атасу және Батыс Қаражал кен орындарын игеру есебінен іске асыру ұйғарылып отыр. Барланған кен орындарының жалпы қуаты - 3,5 млрд. тонна темір рудасы.

Мыс және мырыш өнеркәсібінің кәсіпорындарына арналған руда базасы Қазақстан Республикасының орталық және шығыс облыстарында (мыс рудасының 80,2%-дан астамы) жинақталған. Құрамында мыс бар рудалардың негізгі қорлары Ақтоғай, Айдарлы, Ақбастау, Құсмұрын (Шығыс Қазақстан облысы) кен орындарында, Жезқазған, Итауыз, Сарыоба (Қарағанды облысы) кен орындары тобында жиналған, құрамында мыс бар рудалардың барланған жиынтық қоры - 3 млрд. тонна. Қолда бар кен орындарын игеруден өзге руда кешенін одан әрі дамыту Бозшакөл (Павлодар облысы) сияқты ірі кен орнының да есебінен іске асырылады, оның жиынтық қоры 170 млн. тонна мыс-молибден рудасы.

Феррохром өндіретін кәсіпорындар үшін ресурстық кешен Ақтөбе облысы болып табылады. Оның аумағында 100% хром рудасы (хром шикізаты 400 млн. тоннасынан астамы) жиналған. Хромит рудаларының кен орындары Хромтау ауданында орналасқан. Негізгі кен орындары — Алмас-Жемчужина, Миллионное, Қазақ КСР-інің 40 жылдығы - Жастар, Шығыс.

Алюминий өндіруге арналған шикізат қорлары еліміздің солтүстігінде орналасқан (бокситтердің 98%-ы Қостанай облысының кен орындарында жиналған). Боксит қоры 300 млн. тоннаға бағаланады. Өндіріп алудың ағымдағы деңгейі кезінде (жылына 4 млн. тонна шамасында) кен орнының қуаты 70 жылдан астам уақытқа жетеді. Бокситтердің негізгі кен орындары - Аят, Шығыс-Аят, Краснооктябрьское болып табылады.

Едәуір барланған және перспективалы қорлары бар өңірлер еліміздің орталық және солтүстік аймақтары (Қарағанды және Ақмола облыстары) болып табылады. Барланған алтын қоры негізінен ірі кен орындарында - Васильков, Ақсу, Ақбейіт, Жолымбет, Кварцит таушықтары, Бестөбе, Ұзбой, сондай-ақ Қарағанды облысында Абыз кен орнында жинақталған.

Еліміздің руда қорларының географиясы негізінен еліміздің солтүстік, шығыс және орталық өңірлерінде, сондай-ақ Батыс Қазақстанда, Ақтөбе облысында жинақталған. Кен орындарының осылайша жинақталуы тау-кен металлургия өнеркәсібінің негізгі кәсіпорындарын айқындап, оқшаулауға ықпал етті. Алдағы кезеңде (2010-2014 жылдар) руда кешенінің негізгі дамуы геологиялық барлауда дәстүрлі жоғары дағдылары бар осы өңірлерде жүзеге асырылады.

Тау-кен металлургия кешенінің бүгінгі жағдайынан саланың бұдан әрі дамуы бірнеше бағыт бойынша жүргізілуі мүмкін, бұл:

экспорттық өнімдердің жаңа түрлерін ала отырып, шикізатты қайта өңдеудің кешенділігін арттыру, негізінен ілеспе сирек кездесетін және сирек кездесетін жер металдары, сондай-ақ жаңа инновациялық технологияларды енгізу және игеру және ғылыми-техникалық әзірлемелердің дамуы есебінен басқа да түсті металдар;

өңдеуге жаңа кен орындарын, теңгерімдегі рудаларды және техногендік минералды түзілімдерді тарту, бұл шикізат базасын кеңейтуге және ҒЗТКЖ деңгейін арттыру

есебінен қара және түсті металлургияның негізгі металдарын өндіруді арттыруға мүмкіндік береді.

Қатты пайдалы қазбалар (рудалық емес)

Республикада цемент, кірпіш, сантехника және керамика бұйымдары сияқты құрылыс материалдарын өндіру үшін түрлі әрі кең таралған шикізат қорлары бар.

Сапасы жоғары балшықтың едәуір қоры керамикалық және кесектелген кірпіш үшін де, сондай-ақ керамикалық бұйымдар (плитка, кафель, сантехника бұйымдары) үшін де дамуды перспективалы етеді.

Құрылыс индустриясының жылдық орташа қажеттілігі 19 млн шаршы метрден асады, республика өнеркәсібі осы көлемнің шамамен 2%-ын шығарады.

Құрылыс индустриясының санитарлық-техникалық бұйымдарға қажеттілігі жылына 17 мың тонна шамасында, ал ел аумағында аталған өнім түрі шығарылмайды. Каолин қорларын ескере отырып, елдің ішкі қажеттілігін және мүмкін болатын экспорт қажеттілігін қамтамасыз ету үшін осындай өндірісті дамыту мүмкіндігі бар. Ақмола облысында каолин кен орнын әзірлеудің перспективасы бар (жиынтық қуаты шамамен 2 0 0 м л н . т о н н а) .

Цемент шикізатының бай қоры, сондай-ақ еліміздің бірнеше зауытында енгізіліп жатқан цемент шығарудың жаңа технологиялары цемент кіші саласын едәуір дамытуға мүмкіндік береді, бұл арқылы елге әкелінетін цемент импорты қысқартылады, сондай-ақ цемент клинкерін тасымалдауға қолайлы экспорт реттеледі.

Цемент шығару үшін еліміздің Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Атырау, Жамбыл облыстары шикізатпен қамтамасыз етілген. Солтүстік Қазақстанда цемент шикізатының қоры 2 млрд. тоннадан асады, Шығыс Қазақстанда - 800 млн. тонна, Орталық Қазақстанда - 500 млн. тонна.

2.2. Табиғи ресурстар

Ж е р р е с у р с т а р ы

Республиканың жер қоры 272,5 млн. га құрайды, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер 33,7%-ды, елді мекендер жері - 8,4%-ды, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және ауыл шаруашылығы мақсатында емес өзге жер - 5,1%-ды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері - 1,7%-ды, орман қоры жері - 8,6%-ды, су қоры жері - 1,5%-ды және қор жері 41,0%-ды құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге бірыңғай түгендеу жүргізу, сондай-ақ кейіннен барлық жерде енгізумен Солтүстік Қазақстанда жерді жақсарту жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр.

С у р е с у р с т а р ы

Қазақстан Республикасында экономика салаларында қазіргі заманғы деңгейде пайдалануға болатын су ресурстарының жалпы көлемі 59,852 км³ құрайды. Экономика

салаларында су пайдалану бүгінгі күні жылына 15,263 км³ құрайды.

Республикада сумен қамтамасыз етудің 90%-ы жер үсті су көздерінен жүзеге асырылады, олардың 44,7%-ы Қазақстан аумағынан тыс жерлерде қалыптасады, сондықтан 2015 жылға дейінгі болжамды теңгерім шектес мемлекеттердің өз міндеттемелерін сақтауына байланысты болады.

Суды тұтынудың болжамды құрылымын ескере отырып (2014 жылға қарай суды тұтынуда өнеркәсіптің үлесі 29%-ды, ал ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілер үлесі - 63,8%-ды құрайды) әрі су шаруашылығының инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ Индустрияландыру картасы жобаларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен мынадай іс-шаралар қаржыландырылады:

Көксарай реттеуші су қоймасын салу, бұл қолайсыз гидрологиялық режим проблемасын шешуге, сондай-ақ Қызылқұм алабының 60 мың га астамын мелиоративтік игеру жөніндегі жобаны іске асыру үшін бастапқы нүктесі бола алады;

иррагациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау;

сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту, гидротехникалық ғимараттарды қайта жаңарту, жер асты суларын қорғау объектілерін дамыту және өнеркәсіптік ағындарды тазарту.

Жобаларды ескере отырып, экономика салаларын 2008 - 2014 жылдары сумен қамтамасыз ету және су бұру

Р/с №	Көрсеткіштер атауы	Өлш. бірл.	2008 жылға арналған факт	2009 жылға арналған факт	Болжам	
					2010 жыл	2011 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1	Су ресурстарының көлемі, барлығы:	км ³	59.852	59.995	59.995	59.995
	оның ішінде:					
	жер үсті сулары ¹	км ³	44.28	44.423	44.423	44.423
	жер асты сулары ²	км ³	15.572	15.572	15.572	15.572
2	Экономика салаларына және экологиялық қажеттіліктерге арналған су объектілерінен су жинау	км ³	34.198	35.189	36.178	37.167
	Химиялық, фармацевтік және қорғаныс өндірісі					
	Жер үсті қайнарларынан	км ³	32.98	33.935	34.887	35.840
	Жер асты қайнарларынан	км ³	1.218	1.254	1.291	1.327
3	Суды тұтыну (су пайдалану), барлығы	км3	16.005	16.377	16.750	17.122
	Оның ішінде:					
3.1	Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері	км3	0.742	0.778	0.814	0.850
3.2	Өнеркәсіп, барлығы	км3	4.938	4.995	5.051	5.108
	Қолданыстағы кәсіпорындардың су қажеттілігі	км3	4.938	4.983	5.013	5.059

	Жаңа инвестициялық жобалардың су қажеттілігі	км3	0.000	0.012	0.038	0.048
	оның ішінде:					
	Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру	км3	0.000	0.000	0.0196	0.0196
	Мұнайды қайта өңдеу және мұнай-газ секторының инфрақұрылымы	км3	0.000	0.000	0.000	0.0007
	Металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру	км3	0.000	0.012	0.01183	0.0166
	Химиялық, фармацевтік және қорғаныс өнеркәсібі	км3	0.000	0.000	0.001	0.0001
	Энергетика	км3	0.000	0.000	0.00016	0.00016
	Көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылым	км3	0.000	0.00002	0.00002	0.00003
	Машина жасау	км3	0.000	0.00015	0.00559	0.01104
	Туризм және спорт	км3	0.000	0.000	0.00004	0.00004
3.3	Ауыл шаруашылығы, барлығы	км3	10.001	10.268	10.535	10.802
	оның ішінде:					
	Қолданыстағы кәсіпорындардың су қажеттілігі	км3	10.001	10.2632	10.5291	10.7910
	Жаңа инвестициялық жобалардың су қажеттілігі	км3	0.000	0.0048	0.00590	0.01099
3.4	Балық және тоған шаруашылығы	км3	0.324	0.337	0.350	0.363
4	Жеткізу барысында шығындар	км3	3.370	3.408	3.447	3.485
5	Қосымша өндіріс қуаттарын орналастыруға арналған бос ресурстар	км3	25.654	24.806	23.817	22.828

*) 2020 жылдың деңгейінде экономика салалары пайдалануға арналған көлемді нақты көрсететін су жинаушының кепілдендірілген көлемі

**) Барланған қорлар (пайдалану ресурстары)

р/с №	Көрсеткіштер атауы	өлшем бірлігі	Болжам		
			2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	2	3	4	5	6
1	Су ресурстарының көлемі, барлығы:	км3	59.995	59.995	59.995
	оның ішінде:				
	жер үсті сулары ¹	км3	44.423	44.423	44.423
	жер асты сулары ²	км3	15.572	15.572	15.572
2	Экономика салаларына және экологиялық қажеттіліктерге арналған су объектілерінен су жинау	км3	38.156	39.145	40.134
	Жер үсті қайнарларынан	км3	36.792	37.745	38.698
	Жер асты қайнарларынан	км3	1.364	1.400	1.437
3	Суды тұтыну (су пайдалану), барлығы	км3	17.494	17.867	18.239
	оның ішінде:				
3.1	Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері	км3	0.886	0.922	0.958

3.2	Өнеркәсіп, барлығы	км3	5.164	5.221	5.278
	Қолданыстағы кәсіпорындардың су қажеттілігі	км3	5.080	4.956	4.977
	Жаңа инвестициялық жобалардың су қажеттілігі	км3	0.084	0.265	0.301
	оның ішінде:				
	Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру	км3	0.0364	0.0364	0.0364
	Мұнайды қайта өңдеу және мұнайгаз секторының инфрақұрылымы	км3	0.0007	0.176	0.177
	Металлургия және дайын металл өнімдерін өндіру	км3	0.029	0.029	0.058
	Химиялық, фармацевтік және қорғаныс өнеркәсібі	км3	0.00114	0.00114	0.00114
	Энергетика	км3	0.00016	0.00022	0.00022
	Көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылым	км3	0.00011	0.00011	0.00011
	Машина жасау	км3	0.01648	0.02193	0.02737
	Туризм және спорт	км3	0.00004	0.00004	0.00004
3.3	Ауыл шаруашылығы, барлығы	км3	11.069	11.336	11.603
	оның ішінде:				
	Қолданыстағы кәсіпорындардың су қажеттілігі	км3	11.0518	11.327	11.576
	Жаңа инвестициялық жобалардың су қажеттілігі	км3	0.01716	0.0090	0.0270
3.4	Балық және тоған шаруашылығы	км3	0.375	0.388	0.401
4	Тасымалдау кезіндегі шығындар	км3	3.523	3.562	3.600
5	Қосымша өндіріс қуаттарын орналастыруға арналған бос ресурстар	км3	21.839	20.850	19.861

*) 2020 жылдың деңгейінде экономика салалары пайдалануға арналған қолда бар ресурстардың көлемді нақты көрсететін су жинаудың кепілдендірілген көлемі
 ***) Барланған қорлар (пайдалану ресурстары)

2.3. Еңбек ресурстары

Ескерту. 2.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.15 № 258 Қаулысымен.

Республикада қалыптасқан демографиялық үрдістерді есепке алғанда 2015 жылға қарай еңбекке қабілетті жасқа 1,2 млн адам жетеді. Экономикалық белсенді халық саны 2010-2014 жылдары болжам деректеріне сәйкес 345,4 мың адамға артады.

2010-2014 жылдары еңбек нарығында негізгі индикаторлардың болжамды есеп айырысулары

	2010	2011	2012	2013	2014
1	2	3	4	5	6
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық (мың адам)	8 503,4	8 556,4	8 658,1	8 761,1	8 848,8
Экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың деңгейі (%)	70,8	70,6	70,6	71,1	70,7
Еңбекпен қамтылған халық (мың адам)	7 943,4	8 011,4	8 118,1	8 231,1	8 328,8
Жалданбалы қызметшілер, мың адам	5 189,9	5 278,6	5 374,4	5 493,3	5 647,3

Дербес қамтылған, мың адам	2 753,5	2 732,9	2 743,6	2 737,8	2 681,4
Жұмыссыздар, мың адам	560	545	540	530	520
Жұмыссыздар деңгейі (%)	6,6	6,4	6,2	6,0	5,9
Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық (мың адам)	3 500,0	3 570,0	3 605,7	3 569,6	3 658,9
Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық деңгейі (%)	29,2	29,4	29,4	28,9	29,3

Индустрияландыру картасының жобалары жөніндегі еңбек ресурстарындағы жиынтық болжамды қажеттілік 103 108 адамды құрайды. Осылайша еңбек ресурстарының тапшылығы күтілмейді. Экономика қажеттіліктеріне және еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау мақсатында Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде өзара байланған техникалық және кәсіби, инженерлік-техникалық және қосымша кәсіби білім беру жүйесін қамтитын үздіксіз білім беру моделін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылады.

Сондай-ақ жекелеген аясы тар кәсіп мамандарымен қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешу білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту және салалық пен елдік квоталар шеңберінде мамандар тарту жолымен қамтамасыз етілуі мүмкін оның бекітілуі 2010 жылдан бастап «Көші-қон туралы» заң жобасында көзделген. Еңбек көшіп-қонушыларын тартудың белгіленген тәртібі және іріктеу тетігі еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру, біліктілігі жоғары мамандарды тарту және бизнес жүргізудің алдыңғы қатарлы тәжірибесін пайдалану керек.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде іске асырылатын жобалар үшін техникалық, технологиялық мамандықтар және агроөнеркәсіп кешенінің мамандықтары бойынша білікті мамандар дайындау 543 ТжКБ оқу орнында 186 мамандық бойынша жүзеге асырылады, оларда 260,9 мың адам оқиды.

Ақмола облысы бойынша

Ақмола облысында 44 ТжКБ оқу орны, оның ішінде 18 кәсіптік лицей, 26 колледж қызмет етеді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 110 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 24,2 мың адам.

2010 жылы Ақмола облысы Қатаркөл ауылы Ауыл шаруашылығы колледжінің базасында ет-сүт өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталық құрылады.

Бағдарлама жобасына кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмауы салдарынан кадрлар дайындалмайтынын көрсетті: «Тоңазытқыш жабдығының шебері», «Дезинфектор», «Химиялық талдау лаборанты», «

Химиялық талдау аппаратшысы», «Жарғыш», «Қонақ үй бизнесіне қызмет көрсету».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі курстық дайындықтар жүргізіледі, «Тоңазытқыш жабдығының шебері» мамандығы жөніндегі Степногор қ. № 13 кәсіптік лицей базасында, «Дезинфектор» мамандығы жөніндегі Көкшетау қ. медициналық колледжі базасында, «Жарғыш» мамандығы жөніндегі Щучинск қаласындағы технологиялық колледжі базасында.

«Қонақ үй бизнесіне қызмет көрсету», «Химиялық талдау аппаратшысы» мамандықтарына сұраныстың артуына байланысты 2010 жылдың қыркүйек айынан бастап Щучинск қ. № 4 кәсіптік лицейі, Қатаркөл ауылындағы агробизнес колледжі, Көкшетау қаласындағы № 1, № 11 кәсіптік лицейлері базасында қосымша мемлекеттік білім беру тапсырысы қалыптастырылады.

Мынадай мамандықтар жөніндегі кадрлар дайындалмайды «Казиноға арналған персонал» - 1924 адам, «Қазинода қызмет көрсету персоналы» - 1149 адам, «Ойын-сауық персоналы» - 25 адам, яғни облыста туристік салаға арналған оқу орны ж о қ .

Саны 26 біліктілікке жатпайтын жүк тасушылар, тазалаушылар, пеш жағушылар, қазаншылар, күзетшілер, аула сыпырушылар, көмекші жұмысшылар еңбекпен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

А т ы р а у о б л ы с ы б о й ы н ш а

Атырау облысында 23 ТжКБ оқу орны, оның ішінде 12 кәсіптік лицей, 11 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде кәсіптер пен мамандықтар жөніндегі жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану, мұнай және газ және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 24,2 мың адам.

2010 жылы Атырау облысында мұнайгаз саласына арналған кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 оқушыға арналған өңіраралық орталық пайдалануға б е р і л е д і .

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Фрезеровщик», «Автомат машинисті», «Центрифуга аппаратшысы», «Автоматтарды ретке келтіруші», «Лаборант», «Механик», «Хатшы», «Мұрағат жүргізушісі», «Энергетикалық жабдықтың машинист-аралаушысы».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі Атырау қаласындағы № 2, 6, 7, 14 кәсіптік лицейлерінің базасында және Атырау қаласының Политехника колледжінің базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 5,3 мың адам тазалаушы, күзетші, аула сыпырушы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

А л м а т ы о б л ы с ы б о й ы н ш а

Алматы облысында 70 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 30 кәсіптік лицей, 40 колледж қызмет етеді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 88 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 38,3 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Дезинфектор», «Құюшы», «Диірмен машинисі», «Хатшы», «Сантехниктер», «Тас қалаушылар», «Бояушылар», «Жоғары вольт жабдығының р е т т е у ш і с і » .

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі № 1, 2, 16, 19 кәсіптік лицейлерінің базасында және Талдықорған медицина колледжі, Талғар агробизнес колледжі, Көксу ауыл шаруашылығы колледжі базасында курстық дайындық жү р г і з і л е д і .

Саны 12,8 мың адам тазалаушы, жүк тасушы, күзетші, аула сыпырушы, вахтер, қызмет көрсету персоналы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан т а р т ы л а д ы .

А қ т ө б е о б л ы с ы б о й ы н ш а

Ақтөбе облысында 40 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 15 кәсіптік лицей, 25 колледж қызмет етеді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 131 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану, мұнай және газ және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 37,9 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Химиялық суды тазарту аппаратшысы», «Дефектескопист», «ТМО машинист аралаушысы», «Химиялық талдау лаборанты», «Токарь», «Ағаш ш е б е р і » .

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі Байланыс колледжі («Дефектескопист»), Техника колледжі («Химиялық суды тазарту аппаратшысы, «Химиялық талдау лаборанты»), № 7 кәсіптік лицей («Токарь»), Ақтөбе қ. № 1 кәсіптік лицейі («Ағаш шебері», «ТМО машинист аралаушысы») базасында курстық дайындық жү р г і з і л е д і .

Саны 6,0 мың адам тазалаушы, жүк тасушы, күзетші, аула сыпырушы өзге қызмет көрсету персоналы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы

кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша

Батыс Қазақстан облысында 39 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 22 кәсіптік лицей, 17 колледж қызмет етеді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 122 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 26,2 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Сантехник-операторлар».

Осыған байланысты аталған мамандық бойынша Орал қаласының № 1 кәсіптік лицей базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 73 мың адам тазалаушы, күзетші, диспетчер, асхана қызметшілері және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Жамбыл облысы бойынша

Жамбыл облысында 56 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 20 кәсіптік лицей, 36 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 117 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 39,5 мың адам.

2012 жылы Тараз қаласының химиялық өнеркәсібі үшін кадрлар даярлайтын 600 оқушыға арналған кәсіптік лицей құрылысы жоспарланып отыр.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Қол дәнекерінің электрдәнекерлеушісі», «Цемент диірменінің операторы», «Тік диірмендер операторы».

Осыған байланысты «Қол дәнекерінің электрдәнекерлеушісі», «Цемент диірменінің операторы» мамандықтары бойынша Тараз қаласында № 1, 6 кәсіптік лицейлері базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 3,5 мың адам қызмет көрсету персоналы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Шығыс Қазақстан облысында 96 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 43 кәсіптік лицей, 53 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 157 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық

шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті — 48,6 мың адам.

2011 жылы Өскемен қаласында машина жасау саласына арналған кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 оқу орнына арналған өңіраралық орталық п а й д а л а н у ғ а б е р і л е д і .

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандықтар жөніндегі қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Дефектоскопист», «Термист», «Газкесуші».

Осыған байланысты «Дефектоскопист» мамандығы жөніндегі арматура зауытының базасында ішкі фирмалық дайындық нысанында, «Термист» мамандығы жөніндегі Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі базасында, «Газбен кесуші» мамандығы жөніндегі № 2 кәсіптік лицейі базасында курстық дайындық жүргізіледі.

«Жабдық реттеушісі» мамандығына қажеттіліктің үлкен болуына байланысты мемлекеттік тапсырыс жөніндегі № 7, 5, 6 кәсіби лицейлерінде және Политехникалық колледжде оқушыларды қабылдау арттырылады.

Саны 130 адам сыпырушы және өзге де көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан т а р т ы л а д ы .

Қарағанды облысы бойынша

Қарағанды облысында 90 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 35 кәсіптік лицей, 55 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 132 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 55,3 мың адам.

Қарағанды қаласында № 15 кәсіптік лицей базасында метал өңдеу жөніндегі кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталық құрылады.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Слесарь-электраппаратшы», «Аппаратшылар».

Осыған байланысты «Слесарь-электроаппаратшы», «Аппаратшылар» мамандықтары бойынша Политехникалық колледж, Қарағанды қаласының № 15, 26 кәсіптік лицейлері базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 1,1 мың адам тазалаушы, күзетші, диспетчер, асхана қызметшілері және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Қостанай облысы бойынша

Қостанай облысында 44 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 16 кәсіптік лицей, 28 колледж

жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер сияқты 126 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлік пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 31,7 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Ыстық прокаттау станының вальцовщикі», «Электрбалқыту пешінің көмекші сталевары», «Электрбалқыту пешінің пулыт ұстаушысы», «Металдарды қайшымен және пресспен кесуші», «Металл іріктеушісі», «Шахта пешінің керікшісі», «Химсутазарту аппаратшысы», «Кең бейінді станокшы», «Ыстық жұмыстармен айналысатын прокат қалаушысы», «Брикет жүк тиеу алдыңғы түйінінің операторы» және т.б. Аталған мамандықтар жөніндегі Қостанай индустриалдық-педагогикалық колледжі, Қостанай құрылыс колледжі, Жітіғара политехника колледжі және № 4, 6, 7, 8, 9, 12, 16, 17 кәсіптік лицейлері базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 3,5 мың адам тазалаушы, күзетші, көмекші жұмысшылар, пеш жағушылар, құюшылар, еден жуушылар, қоймашылар, жүк көтерушілер және т.б. сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда облысында 34 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 13 кәсіптік лицей, 21 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 132 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, өнер және мәдениет, мұнай және газ, энергетика, машина жасау технологиясы, көлік пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 26,8 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Сату жөніндегі менеджер», «Сиыр сауушы», «Іс жүргізуші», «Жүргізуші».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі № 8, 9, 10 кәсіптік лицейлер базасында және политехникалық колледж базасында, агроколледж, гуманитарлық-заң колледжі базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 4,7 адам тазалаушы, күзетші, диспетчер, асхана қызметшілері және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Маңғыстау облысы бойынша

Маңғыстау облысында 26 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 5 кәсіптік лицей, 21 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер сияқты 101 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық

шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 25,7 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Құрылыс жабдығының механигі», «БСУ операторы», «ЖБИ қалыптастыру жөніндегі машина операторы».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі Жаңаөзен мұнай және газ колледжінің базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 2,9 адам тазалаушы, күзетші, пайдаланушы жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Павлодар облысы бойынша

Павлодар облысында 59 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 26 кәсіптік лицей, 33 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 136 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 31,6 мың адам.

Екібастұз қаласында отын және энергетика саласына арналған кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 оқушыға арналған өңіраралық орталық пайдалануға беріледі.

Бағдарлама жобаларына кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Пеш операторы», «Газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь», «Оңашалаушы», «Обмуровщик», «Термист», «Бұрғылаушы», «Стропальщик», «Балқытушы», «Бухтовщик», «Лифті жөніндегі электрмеханик», «ЧПУ станоктары жөніндегі оператор», «Газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь», «ЧПУ станоктарын реттеуші», «Араластырушы-пресс бөлімшесінің операторы», «ОТК бақылаушысы», «Ультрадыбыс бақылауы жөніндегі дефектоскопист».

Осыған байланысты № 3, 8, 5, 18, 19 кәсіптік лицейлері және Химия-механика колледжі және Екібастұз политехника колледжі базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 84 адам тазалаушы, күзетші, қоймашы, аула сыпырушы, кір жуушы, жүк тасушы, қазан тазалаушы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған халық арасынан тартылады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Солтүстік Қазақстан облысында 32 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 20 кәсіптік лицей, 12 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 99 кәсіп пен

мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті — 18,7 мың адам.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Оңтүстік Қазақстан облысында 92 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 26 кәсіптік лицей, 66 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 160 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 77,2 мың адам.

2011 жылы Шымкент қаласында өңдеу саласына арналған кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі 700 оқушыға арналған өңіраралық орталық пайдалануға беріледі.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Тігіншілер», «Бульдозеристтер», «Каток-машинисттер», «Автогрейзерші», «Бетон құюшы», «Сантехник», «Сорғыш қондырғылары машинисті, су қараушы, деаэрация орнатушы».

Осыған байланысты Шымкент қаласындағы № 5 кәсіптік лицейі («Тігіншілер») және № 2, № 24, № 17 кәсіптік лицейлері («Бульдозеристтер», «Каток-машинисттер», «Автогрейзерші», «Бетон құюшы», «Сантехник», «Сорғыш қондырғылары машинисті, су қараушы, деаэрация орнатушы») базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 3,8 мың адам тазалаушы, күзетші, қоймашы, жүк тасушы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Алматы қаласы бойынша

Алматы қаласында 82 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 13 кәсіптік лицей, 69 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 111 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 69,2 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Автокран машинисті», «АГП машинисті», «Жоғарывольт жабдығының реттеушісі», «Екінші шынжыр реттеушісі», «Жабдық, жөндеу жөніндегі электрослесарь», «Кіші станция кезекшісі».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі № 6, 9 кәсіптік лицейлерінің

базасында курстық дайындық жүргізіледі.

«Арматуршы», «Ағаш ұстасы», «Стропольщик» мамандықтары бойынша № 7 кәсіптік лицейлерінің базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 324 адам тазалаушы, күзетші, қоймашы, аула сыпырушы және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған тұрғылықты халық арасынан тартылады.

Астана қаласы бойынша

Астана қаласында 32 ТЖКБ оқу орны, оның ішінде 6 кәсіптік лицей, 26 колледж жұмыс істейді. Дайындық мынадай бейіндер ретінде 111 кәсіп пен мамандық бойынша жүргізіледі: ауыл және орман шаруашылығы, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, білім беру, медицина, тау кен ісі, қызмет көрсету саласы, өнер және мәдениет, энергетика, машина жасау технологиясы, көлікті пайдалану және т.б. Оқушылардың жалпы контингенті - 28,6 мың адам.

Бағдарлама жобаларына арналған кадрлар қажеттілігіне жасалған талдау мынадай мамандық бойынша қажеттіліктің болмағаны салдарынан кадрлар даярланбайтынын көрсетті: «Жүргізуші», «Бетон құюшы», «Арматуршы», «Стропольщик», «Фрезеровшы», «Сыртқы бет-плиташы», «КИПиА слесарі», «Аспалы фасад монтаждаушысы», «Жабындаушы», «Автогрейдер машинисті».

Осыған байланысты аталған мамандықтар жөніндегі № 4 кәсіптік лицейлерінің базасында және Астана қаласындағы Политехникалық колледжі базасында курстық дайындық жүргізіледі.

Саны 120 адам жол жұмысшылары, көмекші жұмысшылар, аула сыпырушылар және өзге көмекші жұмысшылар сияқты білікті емес жұмысшы кадрлар қажеттілігі жұмыспен қамтылмаған халық арасынан тартылады.

